

Қандыағаш қалалық
№4 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Мамбеталина Дина Агалбайқызы

Хабарлы сөйлем

Үй тапсырмасын сұрау.

«Компьютер әлемінде» атты ойынмен пысықтау.



1. Сөйлем дегеніміз не?



Айтылу мақсаты мен сазына
қарай сөйлем қалай бөлінеді?



Құрамына қарай сөйлемнің
қандай түрлері бар?



Сөйлемнің грамматикалық негізіне
қандай мүшелер жатады?



Сөйлем болу үшін қандай шарттар болу керек?



1. Тиянақты ойды білдіреді
2. Грамматикалық негізі, яғни тұрлаулы мүшелері болу керек.
3. Интонация.
4. Хабарлайды.
5. Сұрайды.
6. Бұйырады.
7. Лепті айтылады.



Сөйлем болу
үшін қандай
шарттар болу
керек?



Жаңа сабақ

Хабарлы сөйлемнің интонациялық сызығы	Мысалы	Мақсаты
	Бәйшешектер-көктем хабаршысы	суреттеу
	Табиғат апатынан зардап шеккендерге бүкіл қазақстандықтар қол ұшын беруде	хабарлау
	Елбасымыздың сындарлы саясаты мен ақыл-ойы дем беріп, Қазақстан қарыштап дамып келеді.	баяндау

Келер шақ	Осы шақ	Өткен шақ
Біз келешекте ел қамын ойлайтын азаматтар боламыз.	Оқушылар мектеп айналасына ағаш отырғызып жатыр.	Абай үйге келген қонақтарға жыр айтқызды.
баяндау	хабарлы	хабарлы

Хабарлау, суреттеу, баяндау мақсатында айтылған сөйлемді хабарлы сөйлем дейміз.

Хабарлы сөйлем іс-әрекеттің болғанын, белгілі бір шақта (өткен, осы, келер шақта) жүзеге асқандығын білдіреді. Хабарлы сөйлем бір нәрсе жайында хабарлап қана қоймай ды, айтушының іс-әрекетке деген көзқарасын, ой-пікірлерін білдіреді. Хабарлы сөйлемде дауыс ырғағы бірте-бірте көтеріліп, сөйлемнің соңына қарай бәсеңдейді.

Хабарлы сөйлемнен соң **нүкте (.)** қойылады.

16-жаттығу

1. Оқыту, әңгімелету, азат жолдарда неше сөйлем бар екенін табу. (4 азат жол, азат жолдың ережесі).
2. Дәптерге 1-азат жол-5 сөйлем, 2-азат жол-3 сөйлем, 3-азат жол-2 сөйлем, 4-азат жол-4 сөйлем жазу.
3. Мәтін қандай тәсілмен жазылғанын әңгімелеу, ауыспалы осы шақта
4. Қызға мінездеме беру, оны «Топтастыру» стратегиясына салу.

Мәтінді қорыту үшін «Бес жолды өлең»

1. Зат есім қыз
2. Сын есім мейірімді, еңбекқор
3. Етістік жатырқамайды, сыйлайды, көмектеседі
4. Сөйлем Мен қыздан үлгі аламын.
5. Синоним бойжеткен



«Интервью» әдісі

1	Кейіпкер	Бойындағы қасиеттер	Менің пікірім
	Кішкентай көрші қыз	Тіл табыса біледі, еңбексүйгіштігі, көңілділігі	Мен өз досымның осы кейіпкер сияқты көңілді, түрлі ойындар ойнап, әр салудан хабарлы болғанын қалаймын

17-жаттығуды орындау.

- а) Мәтін оқылады
- ә) Бір-біріне түсіндіріледі
- б) Мәтінді азат жолға бөлу (2 азат жол)
- в) Нүкте қойылмаған жерге ауызша қойғызу
- г) Қандай тәсілмен берілген сөйлем екенін ажырату (хабарлау, байндау)
- ғ) Бас әріппен жазылған сөздерді балалар дәптерлеріне жазады, талдайды.

Қаратау-зат есім күрделі сөз, біріккен, жалқы, деректі
Арыс зат есім дара, жалқы, негізгі, деректі
Екі сөз де жер-су атаулары.

Тест сұрақтары



Балаларды бағалау



Үйге тапсырма

17 –жаттығу (2).

1. Қазақ жері ежелгі адамдар мекені (эссе)
2. Жаттығуды талдау.